

БЕРДІБЕК СОҚПАҚБАЕВ

Ана жүрегі



АНА ЖҮРЕГІ

(әңгіме)

Салқын күздің сары таңын Балқия ана бүгін де жайсыз ұйқымен атқызды. Көзі ілінсе болғаны тағы да соғыс шықпай қойды түсінен.

Өте бір шошымал түсті Балқия таңға жақын көрді: жалаң аяқ жалан бас, көйлекшең қалпы қанды қырғын майдан даласын кезіп, жан ұшырып жүгіріп келеді екен. Издегені жалғыз ұлы аяулы Мәмбеті. «Мәмбет! Мәмбет!» — деп Балқия пәрменімен ышқына айғайлайды. О жағы, бу жағынан гүрсілдеп жарылып жатқан тажалдарды елеп те қоймайды. «Мәмбеті Мәмбет!».

Кенет бұлттай қаптаған шаң мен түгін қойыртпағының арасынан Балқияның дәл алдынан Мәмбет шыға келді. Өз Мәмбеті, аңсаған алтын ұлы. Мылтық ұстаған қолын көкке сермеп, «апа!» деп, ол Балқияға қарай кұшақ жайып ұмтылды. Сөйткенше болмады, алып қоңыз тәрізденген қара сұр ірі танк Мәмбеттің арт жағынан сумаң етіп, ол да шыға келді. Жылан бауыры қаршылдап, өте шықты жосылтып. Мәмбет оған бір тал бұта құрлы да болған жоқ, танктің зіл кеудесіне көміліп қала берді...

«Мәмбет!» «Мәмбет!»

Балқия өз даусынан өзі шошып оянды. Түсіндегі сұмдықты басынан енінде кешіргендей алқынып, жүрегі аузына тығылып, терлеп кеткен екен. Біраз уақытқа дейін әзіне өзі келе алмай, мәңгірумен жатты. Сол кезде оның құлағына қабырға сағаттың сырт-сырт соққан үні естілді. Балқия өз үйінде жатқанын, әлгіндегі түсі екенін санасына енді жүгірте бастады. «Япыр-ай, неткен жаман түс еді!». Балқияның тула бойы түршігіп, іші-бауыры тітіреп кетті. Жаңағы алып қоныз тәрізді қара сұр танк, Мәмбеттің құлап бара жатқандағы кейпі көз алдында әлі де сол қалпында...

* * *

Үш бұрышты қиықша хат Мәмбеттен үзбей келіп тұрушы еді. Осыдан бір ай шамасы бұрын және бір хат келді де содан кейін жым болды. Ол хатында Мәмбет Қырым майданының іргесінде залым жаумен белдеспекке сақадай сайланып тұрмыз деп жазған болатын.

Балқия ананың жайсыздана түсуі міне содан кейін. Жалғыз ұлының тағдырын ойлап, күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айрылды. Неше қилы үрейлі түстер көретін болды. Соның бірі жаңағы.

Оңаша бөлмеде, кем, төсектің дәл ортасында Балқия көзі бақырайып, бірқауым уақыт ояу жатты. Таңғы жарық, үй ішіндегі заттарды айқындай түсіп, біртін-біртін молайып барады. Үйдің іргесін солқылдатып алғашқы трамвай ағызып өтті.

Балқия төсегінен шаршап түрегелді. Сары ала сырмақтың үстімен жалаң аяқ жүріп кеп, терезе перделерді сырғытып ашты. Бөлменің екі терезесі бірдей шығыс жаққа қараған. Күздің кешеуілдеп ататын сап-салқын аппақ таңы күн шығар алдындағы әдемі мөлдір қалпында екен. Үйдің іші жап - жарық болды да кетті.

Бұрыштағы кішірек столдың үстінде Мәмбеттің әйнектелген открытка суреті тұр. Қобырап көзіне түскен бурыл шашын артқа таман сырып қойды да, Балқия соны қолына алды. Арайлап атқан таңның нұрына тоса ұстап тұрып қарады. «Құлыным... Шыбын жаным...» Балқияның жан жүйесі еріп, балқып кеткендей болды. Жорғалаған бірнеше тамшы ыстық жас өзегін қақ жарып, көзіне келді.

Жалаң аяғына калошын қоңылтаяқ сұқты да, Балқия тысқа шықты. Бірнеше түп шие ағашы өскен аядай ауласы оңаша еді. Таңертеңгі салқын ауамен тыныстамаққа ағаштардың біреуінің түбіне бір кезде Мәмбеттің қолымен орнатылған шағын орындыққа келіп отырды.

Ауланың ішіне көзін жайбарақат тастай отырып, Балқия кенет селк ете қалды. Тақтай басқыштың іргесінен сорайып шығып жатқан адам аяқтарын көрді. Өлген адамның жалаң аяқтары тәрізді. Мұздай суық, бір сезім Балқияның миында зырқ ете қалды.

Жаманшылықты өмірінде көп көріп, көндіккен ұстамды Балқия саспады бірақ. Бойын тез жиып алды да, аяқтарға жақындап келді, анықтап қарады. Кішірек бала аяқтары. Тұрпаты күтім керіп жүрген аяқтардай емес, күс басқан, күнге күйген қарала - сатпақ аяқтар.

Балқия еңкейе түсіп, басқыштың астына үңіліп қарады.

Бұл өзі ит әрең сыйып жатарлық тар, лас қуыс болатын. Аяқтардың иесі басы - көзін тұмшалап, бүркеніп алыпты. Бүктетіліп жинақы жатуына қарағанда өлген адамға ұқсамайды.

— Әй, кім бұл жатқан?

Кенет үстіңгі аяққа жан бітіп, шірене кең созылды да, көстиген қара тырнақтар топырақты сызып барып, дір-дір етіп тоқтады. Сонан соң әлгі аяқ

қайтадан тартылып жиналды да, астынғы аяқтың балтырын сырылдатып қаси бастады.

Балқия қаттырақ дауыстады.

— Әй, бұл кім жатқан? Кімсің сен?!

Үстіңгі аяқ қасуын кілт доғара қойды.

— Кімсің? Тірі адамбысың?

Аяқтар қайтадан қозғалысқа келді де, бермен қарай сырғанап шыға бастады. Жырым балақ қоңыр шалбардың жамаулы тізелері, белбеу орнына кендір жіп байлаған кір-кір, арық жалаңаш мықын көрінді. Онан соң жейдесі төсіне қарай сырлыққан кеуденің өзі, шашы жалбыраған сары бас шыға келді. Әлгінде басына жамылып жатқан, шаң-шаң фуфайкасын ол жеңінен ұстаған қалпы сүйрете түрегелді де, сұрым не боп кетті деген адамша өз бойына өзі шола қарап алды.

— Сен кімсің? Мұнда қайдан жүрсін?—деді Балқия.

Бала доғалдау тілмен қысқалап жөнін баяндады. Қалалық ауруханада шешесі жатыр екен. Соған ол кеше Тастақтағы үйлерінен кешірек келіпті де, трамвайда адам кептігінен қайта алмай қалыпты. Баратын басқадай жер таппаған соң түнге дейін көшеде сенделіп жүріп, шаршапты да, иті жоқ оңаша қора болғаннан кейін осы араға келіп қисая кетіпті.

— Шешең нендей аурумен ауырады? — деген сұраққа бала:

— Қаны азайған — деп жауап берді.

— Үйлеріңде сенен басқа кімің бар?

— Ешкім жоқ.

— Әкең қайда?

— Армияда.

— Атың кім?

— Сережа.

Сережаның тұрпаты Балқияның жанын одан бетер мұңайтты. «Қарғыс атқыр қу соғыс, біреуді үйде, біреуді түзде күйзеліске салып, ананы баладан,

баланы әкеден айырып, жүрегін қысқашша бүріп алды. Қатал тағдырға кез болып, мезгілсіз жүні жығылған сәби бейне жан жүйесін елжіретіп жіберді.

Сережа рұқсат етсеңіз кетсем қайтеді дегендей ыңғай білдіре бастап еді:

— Менің Мәмбетжаным секілді сен де біреудің жалғызы көрінесің. Бейшара, түрің мынау ит жататын қуысқа қонып шыққан. Жүрші, бермен, тым құрыса ыстық шайға тойғызып жіберейін, — деді Балқия апа.

Балқия үйден киім щеткасын алып шығып берді де, Сережа үстін жақсылап тазалаған болды. Одан соң сабынды сумен жуынып-шайынып, шашын тарап, азды-көпті адам кейпіне келді. Балқия ана таңертең әдетте ыссылы - суықты бірдеңені қаужаңдай салып, қызметіне кетуші еді. (Ол қарапайым бір мекемеде қатардағы есеп жұмысын атқарады.) Бүгін ол өйткен жоқ. Талайдан қойылмаған самаурынды қойды. Молшылық заманның сарқыншағы — дорба түбінде сақталған аз ғана ұн, қасық басындай тоң май бар еді. Бипаз қолы солардың басын қосып, сап-сары құймақ етіп шығарды. Сөйтіп, арада бір сағаттай уақыт өткен шамада ол «құдайы қонақ» Сережа екеуі аласа дөңгелек столды алдарына алып, жадырасып шай ішіп отырды.

— Мен қызмет соңынан және демалыс күндері әрқашанда үйдемін. Келіп тұр. Үйіне қайта алмаған күндері қонып қалсаң да болады, —деп Балқия Сережаға шынайы қайырымдылық сөздерін айтты.

Осыдан былай Сережа бұл үйге ылғи да келіп тұратын болды. Балқия оны жылы жүзбен қарсы алып, ауруханадағы апасының халін сұрайды, барын беріп тамақтандырады. Бір -екі рет ол Серезаның кірлеп кеткен киімдерін алып қалып, жуып, жыртықтарын жамап-жасқап та берді. Мәмбеттің бұдан бірнеше жылдар бұрын өзіне тар келіп, сыймай қалған кейбір киімдері сандықта сақтаулы жатушы еді. Солардың жарамдыларын ол Сережаға берді. Шашын алдырып, киімін түзеген соң Серезаның кейпі күтім көрген баладай оңала түсті.

Егер Балқия жоқта келсе, Сережа келісімді жерден кілтті алып, есікті ашып, кіре беретін болды. Үйде су жоқ болса, су әкеп, еденді сыпырып, отын жарып, жуылмаған ыдыс-аяқты жарқыратып жуып қояды.

Мінезі тұйықтау, бұйығылау Серезаның адалдығы мен қайырымдылығына Балқия шынайы сүйініп, оны бара-бара өз баласындай жақсы көріп кетті.

Бір күндері Сережа келмеді, хабарласпады. Балқия оны ертеңді-кеш елегізіп күтумен болды: «Байғұстың анасы бірдеңе болып қалып, сорлады ма

екен? Не болды екен?» — деген секілді әртүрлі жаман ойлар басынан шықпай қойды.

Демалыс күні еді. Таңертең Балқия тұрып үлгірместен біреулер келіп, есікті қақты. Екі-үш адамның өзара күбірлеп сөйлескен үндері естіледі. Киімшең қалпында ояу жатқан Балқия түрегелді де, есікке келді. Есікті ашпас бұрын босағадағы кішкене терезеден көз тастап еді, погон таққан әскери киімді біреуді көрді. Қасында ағараңдаған әйел адам бар. «Бұлар кімдер?» деген жұмбақ ой Балқияның басында атойлап кетті. Терезеге одан гөрі жабысыңқырап қарағанда, әскер киімдінің қасында тұрған өзінің сарбас ұлы Серезаны көрді. Балқия есікті ашты.

— Қайырлы таң болсын! — деп, үйге әуелі әскери адам, оның соңынан ілбиген қу сүйек арық әйел және Сереза кірді. Әскери адам Балқияға қолын ұсынып, өзін:

— Старшина Воронов, Серезаның әкесі боламын, — деп таныстырды.

Арық әйел Серезаның шешесі болып шықты.

Бұлар ескі таныстарша шұрқырасып амандасты.

Старшинаның қолында қомақты торы бар еді. Қайрымды ана Балқияға алып келген сый -сыбағасы екен. Ол стол үстіне бірнеше кесек семіз шұжық, аппақ бөлке нан, қант, сарымай алып қойды. Бұл аталған тағамдардың ол кезде қаны жерге тамбайды.

Әйелінің қатты науқастанып, ауруханаға түскенін естігеннен кейін, старшина Барнаулда қызмет атқарып жүрген жерінен бір жетілік демалыс алып келіпті. Балқияның:

— Қалай, тәуір болып, сауығып шықтыңыз ба? — деген сұрағына Серезаның анасы:

— Маған курортқа барып емделу керек. Әзір оның уақыты ма, — деп жауап берді. Осы екі ауыз сөздің өзін ол ентігіп, күшпен әрең айтты. Бейшараның әлсіздігі соншалық, шай қайнап келгенше қисайып жатыр.

— Жүрсем, басым айналады. Трамваймен осы араға әрең жеттім. Серезама пана болып жүрген қандай адам екен, көрейін, алғысымды айтайын деп келдім, — деді ол.

Бұл күн отырғандардың барлығы үшін де үлкен бір мереке тәрізді болды.

* * *

Күн артынан күн өте берді. Күмпілдеген қанды майдан бітер болмады, елдің титығына жетті. Онымен қосамжарланып қыраулы қыс келді. Аңадағыдан бері із салмай кеткен Сеража бір күні кеш - құрым Балқияның үйіне тағы да келіп тұр. Үстінде қыпша бел қара шинель, белінде жез топсалы жалпақ қайыс белбеу, басында едірейген қара кепка. Бойы бұрынғысынан сұңғақтанып, сымбаттанып жетіле түскен тәрізді. Темір тақалы ауыр бәтіңкесімен еденді ересек адамдарша салмақпен басып кірді ол, Балқия оны әуелі танымай қалып барып, артынан таныды.

— Серажамысың? — деп қуанышты дауысы саңқ ете қалды.

— Мен, — деді Сеража қоңырайған үнмен.

— Балам - ау, киімдерің... кім болып кеткенсің?

— ФЗО мектебінде оқып жүрмін

Қашаннан бері?

— Ана жолы папам орналастырып кеткен.

— Маман қалай? Ден саулығы қалай?

— Мамам қайтыс болды...

* * *

Содан бері талай жылдар өтіп кетті. Дүние талай рет түледі, талай рет жасарды. Заман да, адамдар да өзгерді, өркендеді.

Жуырда біз Балқия апайдың үйінде тойда болдық, Сеража үйленді. Баяғы бұйығы Сеража кәзір соқтандай жігіт, әйгілі бір заводта цех бастығы, инженер. Жаңа тілеу, жас үміт шаттық кешінде отырып, біз жоғарыдағы өткен өмір белестерін көз алдымызға әкелдік. Серажаның марқұм анасын, біздің бүгінгі өміріміз үшін құрбан болған Мәмбетті, старшина Вороновты еске түсірдік.

— Жас жұбайлар бақытты болсын!

— Соғыс құрысын! Қайғы-қасірет құрысын! — деп тостар көтерістік.